

Латын әліпбиіне көшу – тәуелсіз еліміздің ерікті таңдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ халқының рухани құндылықтарын дәріптеп насихаттау, оны түгелден саралау, заман талабын ескере отырып дамытуға бағытталған кезеңді мәселелер көтерілді. Рухани жаңару қоғамға да, адамға да керек. «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптанурын болған қасаң қағидаларды өзгертіпейінше, біздің толыққанды жаңаруымыз мүмкін емес. Біз жаңғыру жолында бабалардан мырас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бұлықпен жатқан ірі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - дейді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Соның бірі – 2025 жылға дейін қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру мәселесі, бұл туралы бүкіл қоғам болып қызу талқылап жатыр.

«Жаңарған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани қозы болады», - деп Елбасы өз мақаласында. Соның бірегейі – тіл. Қазіргі таңда елімізде әліпби таңдау, оның ішінде латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұл бастаманы ана тіліміздің даму аясын кеңітетін бірден-бір стратегиялық құжат деп қабылдадық, өйткені латын әліпбиі қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде жаңартуға жағдай жасайды деп түсінемін. Латын әліпбиіне көшу жастарға ғылым мен техниканы меңгеруге жол аша отырып, тоза әліпбиіміздің қайта жаңғыруына мүмкіндік береді. Латынға көшкенде ұтатын тұстарымыз, біріншіден тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды танбалайтын әріптерді қысқартып, қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік

аламыз. Қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады, халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жағдай жасалады. Қазіргі уақытта бүкіл түркі әлемі негізінен латын әліпбиін пайдаланады. Бізге олармен мәдени, рухани, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты күшейту үшін латынға өту қажеттігі туындайды. Бұл өңге халықтарымыз да қазақ тілін оқып үйренуге, жетілуге деген сұранысын тұтытуы мүмкін.

Латын әліпбиіне көшу біздің тәуелсіз еліміздің ерікті таңдауы. Қазақ халқының иірімі мола, құнарлы тілі өзгеріске де өте икемді. Қайта жаңғыру талабы қойылып отырғанда, ғылым мен техниканың көп ілеспес жылдамдықпен дамып бара жатқан кезеңінде пайда болып отырған жаңа терминдер мен атаулар осы латын таңбасына қолайлы екенін аңдатып отыр. Қазіргі заманғы ғылымның тілі де латын көршімен тікелей байланысты. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, терминдер латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Ағылшын тілінің үстемдігі дәуірлеп тұрған заманда ақпарат пен әдебиеттің тілі де осы латын болып отыр. Дүниежүзінің халқы техника мен руханилықтың жаңалығын осы таңба арқылы түсінеді. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сынынан өтін болды. Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылады. Латын графикасы жер жазаңға кең тараған, соның арқасында жастар ғаламтор арқылы ақпарат алдынына еніп, білім мен ғылым саласындағы кеңістікке еркін егеді.

Әліпбиіміздің латын көшіріміне көшіру

мәселесінің нақтылануы – тарихи қажеттіліктің салтанат құруы, жаңа өмірге бастар баспаздық, қазақ елінің білім, ғылым саласындағы ұстанымы деп білемін. Қазір латын әліпбиін таңдау саналы жүргізіліп отыр.

Жаңы әліпби адамдар ақылдаса отырып жасайтын, тілді дамытудағы саналы әрекеттердің бірі. Мен өзім тіл маманы ретінде мемлекеттік тілімізді латын әліпбиіне біртіндеп көшіруді қолдаймын. Рухани жаңғыруды қойылып отырған маңызды мәселенің бірі – «сананың ашықтығы». Жаңадану үрдісіндегі басты талап – әлемдік тілдерді меңгеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды аразасуымызға жол ашады. Әлемдік онық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатынын анық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған саналы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Ал бұл жұмысмыз міндеттер де тіл арқылы шешілетіні анық.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы «Қандай сөзбетті сарайлар болсын, қандай сымбатты ж кескімді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өңге өнерін қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрін де, қыметін

шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Латын әліпбиі – елдігіміз мен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын көрсететін көрсеткіш. Қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде бұл жазуды қолдамасақ, өркендетті елдердің қатарына қосыла алмаймыз. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның әрі қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет. Елбасымыз бұл мәселені жүзеге асыру жолдарын да айтты. Мемлекет басшысы алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасайтынын сөз етті. 2018 жылдан бастап әлемге танымал, брендтік оқулықтарды меңгерген жастардың ой-өрісі дамып, рухани тұрғыда байып шығатыны сөзсіз. Ғалымдар латын әліпбиінің ең тиімді нұсқасын анықтап, оны заң жүзінде бекітсе, қалғаны оңай деп ойлаймын. Осы мәселе жедел шешімін тапса, қоғам да, жастар да тез бейімделіп кетер еді деген сенімдемін.

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы мемлекет саясатын барша білім қызметкерлері болып қолдап, жүзеге асуына белсенділік танытатынына сенімдімін. Жаңа әліпбиді қабылдау осы кездегі заман ағымының дамуына сәйкес қажетті және өте маңызды шара екенін білім саласының өкілі ретінде өзім толықтай түсінемін және қолдаймын.

Г.Г.ҚАРЖАУОВА,
«Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының меңгерушісі